


12006
6009

КАЗАК
ПОЭЗИЯСЫ

Мәжит
Айтбаев

Шер








КАЗИРГІ
КАЗАК
ПОЭЗИЯСЫ

Мәжит
Айтбаев

Шер

Шығармалары



Алматы
"Жазушы"
2005

ББК 84 Қаз 7-5

А 32

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

Құрастырып, алғы сөзін жазған Уақап Қыдырханұлы

Айтбаев М.

А 32 **Шер.** Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2005. – 268
бет.

ISBN 9965-746-47-8

Екінші дүниежүзілік соғыста жау қолына түсіп шерменде болған қазақтың аяулы ақыны Мәжит Айтбаев шығармалары араға ұзақ уақыт салып өз оқырмандарына оралып отыр.

“Қобызшы Қорқыт” деген лақап есіммен мәлім болған шайыр фашизм концлагерінде опат болды. Ал оның артында қалған аманаты – асыл жырлары еліміз тәуелсіздік алған соң ғана бір мұқаба аясында тұңғыш рет жарық көруге мүмкіндік алды. Ақынның толық мұрасын ыждағаттап халық кәдесіне жарату алдағы күндердің еншісінде болмақ.

В $\frac{4702250202-068}{402(05)-05}$

00038307

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-746-47-8

© “Жазушы” баспасы, 2005

ШЕРМЕНДЕ АҚЫН, ШЕКСІЗ МҰҢ

Пролог:

*Аймалап аспанменен аспандасқан,
Алтайдың асқар басы асқарды асқан.
Көресің көз жіберсең талай сырды,
Асусыз астам сол бір асқар тастан.*

*Қарт Алтай, қасиетті Ата жұртым,
Жас жаным жабыққанда дертпен бүгін,
Қосылып қойныңдағы сол сырыңа,
Қолға алдым қайғы басқан өмір кілтін.*

*Алтайдың ардагері Абылай-ды,
Ел үшін алтын таң мен жарық ай-ды.
Жад етіп жырлар болсам Абылайды,
Аруағы қалай мені танымайды!*

Хан атаулыдан қазақтың жаны шошып, жағы қарысып қалған тұста жау ішінде, жарық үстінде, қарманатын қару, алданатын арман қалмағанда ұлы рухты оятқан, содан өзі қуат алған, ойран-топыр от кешкен отандастарын да сол рухпен жебеген, ұлы бабаның аруағын ерте таныған Қобызшы Қорқытты — Мәжит Айтбаевты бүгінге дейін білетіндер аз, білмейтіндер көп еді. “Егемен Қазақстан” газетінің 2004 жылы 24 қараша күнгі санында Сауытбек Абдрахмановтың “Жиырмамыншы ғасыр жырлайды” антологиясында сырбаз сөзбен сықпалап жазған таныстыруымен сол ақынның біраз өлеңі жарияланды. Ақындықты олеңнің өзі-ақ танытар, бірақ бұл қобыздың сарыны да, бұл ақынның дарыны да, тағдыры да бөлекше. Қазір оның замандастары жоқ. Бүгінгі қазаққа Мәжит Айтбаевтың соғысқа дейінгі өзі де, соғыстан кейінгі ізі де мәлім емес.

Осы Қорқыт қобызы мені қашан баурады, қалай естіп, қашан іздедім?

Мұңлы үн мұңлықтың жүрегіне тез жетеді. Осы ақын екеуіміздің тағдырымызда бір ұқсастық, бір айырма бар. Ұқсастық — ол торға түскен тоты, мен жөргегімде жер ауған жетімекпін. Айырма — ол шерменде күйі шетте жүріп көз жұмды, мен елге келіп, шерден шықтым.

1955 жыл, 23 мамыр. Ластынның жіп-жіңішке өзені бөліп жатқан шекарадан талтүсте өте шықтық. “А, Құдай, ақсарбас!” Түсіпхан ағам мәшинеден қарғып түсіп, туған жерінің топырағын күшты. Кеден кедергісі кешке дейін созылды. Құдай ондағанда, бізді алысқа айдамай, баяғы өз ауылымызға алып келді.

Қас қарайған шақ. Бізді күтіп тұрған он шақты адамды екпіндеп келіп тоқтаған мәшиненің шаңы басып қалды. Сол топтан аңыраған үн шықты.

— Әкем-ау, мынау Бибала ғой! — Мәшиненің алдыңғы орынында отырған ең үлкен Қалимаш апайымыз да озандай ұмтылды. Қызыл іңір. Қып-қызыл жылау.

Ішке кірген соң әлгі екі апам қатар отыра қалып, ал кеп жоқтассын. Танығандарын ыммен икемдеп, бір қолын оның иығына іліп қойып, шер төгеді. Кезек маған да келді. Аты-жөнімді сұрап алды да, Бибала апам солқылдап жылап, сарнай жөнелді.

*Дүниенің шарам бар ма жалғанына?
Жетпеді-ау әке-шешең арманына.
Аллаға мың шүкірлік дейін, қарғам,
Бір туюқ асылдардан қалғанына.*

*Аллалап ала таңнан тұрды ма екен,
Түсіне бір жақсылық кірді ме екен!
Адасқан жалғыз қаздай Мақсұт ағаң
Дәл бүгін сен келерін білді ме екен?*

Қалимаш апайымның үні бұзылып, сөзі үзілді.

— Бибала-ау, не дейсің, кімді айттың? — деді ышқынып.

— Мақсұтты айтам, Қалимаш. Ол бар. Алматыда тұрады.

Апайым шайқалақтап шалқая берді, ықылық атып мен отырып қалдым.

Мақсұт — менің жалғыз ағам. Біздің әулет түгел нәубетке ұшырап, әкеміз екінші рет ұсталарда бәрімізді шұбыртып, арғы бет асырып әкеткен жас жеткіншек сол ағам екен.

Шекарадан тым алыстамай, Ертiс жағасынан жеркепе қазып, мекен тұтыпты. Iлгерi-кейiн откендер сол төнiрекке жинала берiптi. Араларында кiм барын, iштерiнде не жатқанын кiм бiлсiн, екi-үш адам iз-түзсiз жоғалыпты. 1939 жылы шекарашы орыстар келiп Мақсұтты алып кеттi. Бұл жақта соғыс. Бiз оны да өлдiге санап, жыл сайын хатымға қосып, құран оқып жүретiнбiз. Сонда қалған жетi жаннан он алты жыл өткенде келген жалғыз мен.

Жағдай бұл жақта әлi ауыр екен. Соғыс табы кете, көз жасы әлi кебе қоймапты. Тапқаны лағын, таппағаны тауығын сойып, күнде бiр үй шақырады. Күлiп барамыз, жылап қайтамыз. Бiз өлең айтсақ:

*Қиыр қонып, шет жайлап,
Келдiк бүгiн дәм айдап,—*

деп бастаймыз да, шеттегi шердi қозғаймыз. Олар айтса:

*Ахау-айдай, уысым,
Армияда туысым.
Туысымды ойласам,
Тараяды тынысым,—*

деп егiледi.

...Мақсұт келдi. Тайлы-таяғымызбен тас жолға шығып қарсы алдық. Аңадағы жылау жолда қалды. Өз басым дәл сол күндердей ауыр, дәл сол күндердей жеңiл сәттi қайта кезiктiрген емеспiн.

Сағыныш басылды, той тарады. Әңгiменiң ауызы ашылды. Жасынан өлеңге құмар жанның жалғыздықтағы жолдасы да өлең болыпты. Екi шумақтың бiреуi — Алтай.

Не айтса да, Алтайдан бастайды, Алтаймен өрбiтедi, әйтпесе, Алтаймен аяқтайды. Еуропаның сәндi сарайлары, ғажайып ғимараттары селт еткiзбейдi. “Алтайдың самалды сайларындағы аласа үйлерден садаға кет” дейдi. Балбыраған бақ, жайнаған гүл көрсе, “сенiң өсетiн жерiң Алтай ғой” деп, қызғанады. “Мендегi жара оқ жарасы емес, жан жарасы мендегi шөл дерттiң шөлi емес, Алтайды аңсау шөлi” деп, дәрiгерден су емес, у сұрайды...

*“Құр дәрiңмен қалай ғана жазбақсың
Бұл өмiрде улар сiңген жанымды.
Дәрiңдi емес, уыңды бер, жан достым,
Ащы уыңды жаным бүгiн сағынды...”*

Қарындағы майды, қара сабынды қақ жарып, еттің жілігіне дейін шағып тексергенде, түбіне дейін тінткізбей, кеденнен аман алып өткен бір сандық кітабым бар-тын. Әкем марқұм 1940 жылы қайтыс боларда өлеңмен жазған өз өсиетін қосып, “Көрісетін күн болса, Мақсұтқа бер” деп, шешеме бір бума қағаз қалдырыпты. Шер жұтып жүріп, 1946 жылы шешем де дүние салған. Сол буманы бердім. Жарғақтың тігісін жылап отырып сөкті де, әкесінің өсиетін, өзі көшірген “Батыр Баян”, “Сәтбек батыр”, “Оян, қазақ”, “Салиха-Сәмен”... қиссаларын коргенде отқа түскен көбелектей, өртеніп өксіді. Мен әке аманатын орындағанымға қуандым.

Соңғы түндер осы қиссаларды оқумен өтті. Мұндағы ағайындардың ондай ермекке уақыты да, тындауға құлықтары да аз. Біз үшін бәрі арман, бәрі сыр, бәрі сағыныш. Алтай — Мақсұттың туған жері, біздің ата мекеніміз. Мақсұт оны жау ішінде жаны өртеніп, жалғыз жүріп сағынса, біз ауыл, әулет болып аңсайтынбыз. Сондайда сол ғасырдың басында арғы бет ауып, жат өлкеде 40 жыл өлең төгіп, күңіреніп жүріп көз жұмған аса үздік ақын Арғынбек Апашбайұлының “Жер — адамның анасы” дейтін сағыныш толғауын топтасып отырып оқытып, өзімізді өзіміз жұбатамынбыз. Онда:

*“Үшқыр-Менкер, Төрқуыс,
Сай-саласы ел-қоныс.
Төртуылға ежелден
Ата жолдас, бір туыс”*

болған қайран Алтайдан орыс тартып алған жүзден астам қонысты жылап отырып жоқтайды. Мақсұт мұны да жатқа соғады. Сол толғауды жылқының түнгі күзетіне бармай тындаған Мәсәлім ағамыз көзінің жасын сүрте отырып: “Осыны аңырата бермеші, Мақсұт! Айтсаң да “орыс тартып алды” деген жерлерді өзгертші”, — деді. Түсіндік...

Қайтар күнгі “тоқымқағарда” Мақсұт бөлекше бір өуен аңғартты.

*Атасы асқарлардың аялы Алтай,
Саясын Сарыарқаға жаяды Алтай.
Қырмызы-қызыл гүлді жер жәннаты
Қарт Алтай, қадірлі Алтай, баяғы Алтай.*

*Ел қайда Алтайдағы өз елімдей,
Ер қайда Алтайдағы өз ерімдей,
Алтайда астам өскен елді ойласам,
Көз жасым ағады Алтай өзеніндей...*

Жыр жарты сағат айтылды. Алтайдың атақты қобызшы қарты айтатын “Киік зары” деген аңыз екен. Жонға жайылып, желіні сыздап оралған ана киіктің екі лағы ойнағында жоқ. Аю жеді десе қан, адам алды десе із көрінбейді. Үрпінен сүті сорғалап сарнайды, зарлайды.

*Зарлады сонда киік от боп жанып,
Сарнады сабыр таппай естен танып.
Аңырады аялы Алтай сай-саласын
Шомылтып, шерлі болған күйге малып.*

*Маңырады маңайдағы тауды тербеп,
Жамырады таудың үні тауды кернеп.
Қызарып күн батардың қарсаңында
Сайлардан көтерілді сағым өрлеп...*

Толқыған көлден, ескен желден, гүлден, күннен сұрайды. Күйін ешкім ұқпайды, күйігін ешкім түсінбейді.

*Егіліп ести-есті зар мен мұңды,
Арқада өткізіп ем талай күнді
Албырт шақ астамдықпен зулап етіп,
Жиырма бес көрінбейді бір күн құрлы.*

*Ел үшін көрсетпесем ойынымды,
Қай кезде қандырмақпын тойымымды.
Алтайда азат туын тіге алмасам,
Қара жер, өзірлей бер қойыныңды!..*

Кім болса да, жиырма бес жасында жазыпты. Ұлы зар Алтайында азаттық туын тігуге, соған дейін бүгілмеуге бекінген антпен аяқталған.

— Бұл кімнің өлеңі? — дестік.

— Е, бір мұңлықтікі де, — дей салды. Біз оны өзіне жорыдық..

1968 жылы Мақсұт ағайдың үйіне барсам, шымыр, ширақ, өңі сұсты, үні қатқыл бір адам отыр. Таныдым. Шота Руставелидің “Жолбарыс терісін жамылған батыр” поэмасын аударған ақын Хамза Абдуллин. Екеуі де орып сөйлейді. Ас ішіп, еттері сәл қызған соң Хамза өзбекше бір маршқа басты. Легиондар гимні. Денем шымырлап кетгі. Мақсұт “Киік зарын” біраз зырылдатып барып басылды.

— Қобызшы Қорқыттың күніреніп жүріп жазғаны ғой,— деді Хамза.— Алтай, Арқа, Сыр, Тұран, Түркістан біздің ұлы арман, ортақ ұранымыз болып еді. Енді, міне...

Тіксіне, түсіне қалдым. Хамзаның халінен ептеп хабарым бар. Ал Мақсұт арғы беттен ұстап әкелінген, итжеккенге айдалған, меңіреу Тайгада мәңгілік сүргінде қалған соң өзі тіленіп соғысқа барған, жараланып жауға түскен жан. Бірімізді біріміз аяп, жан жарасын екеуіміз де тырнай бермейтінбіз. Дегенмен, Қобызшы Қорқыттың шын аты кім екенін сұрадым.

— Мәжит Айтбаев дейтін қызылордалық ақын. Соғыста тұтқынға түскен. Өлеңнің өрен жүйрігі еді... “Жаңа Түркістан”, “Ұлттық Түркістан” газеттерін шығарған. “Милли әдебиет” журналында ол редактор, мен жауапты хатшы болғам,— деді Абдуллин.

“Киік зарының” авторын — Қобызшы Қорқытты — Мәжит Айтбаевты мен сол күні білдім.

1988 жылы Еуропаға бардым. Германия, Австриядағы қазақтарды көрдім. Ойымда Мәжит Айтбаев жүрді. “Азаттық” радиосында істеген Азамат Алтай деген қырғыз оны білетінін айтты. ““Абылай хан” деген кітабы болған. Оны Хасен Оралтай қайта бастырған”,— деді. Хасенмен жолығудың жөні болмады.

1990 жылы Түркияға жол түсті. Ыстамбұлдағы, Анкарадағы, Измирдегі қазақтармен қауыштық. Ыстамбұл университетінде оқитын Ахмед Түркез, Қалман Қошжігіт, Мехмед Доғу деген студенттер көп кітап тауып берді. Сыдыхан Улучай, әлде “Тарих-и Рашиди” болар ма деп бір кітап әкеліп еді. Тым ертедегі діни қолжазба болып шықты. “Абылай ханды” тауып бермек болып, хабарласпай қалды.

Түркияның Анкара қаласында тұратын Ұядан Ақай дейтін қарт бар-тын. Өр Алтайдан өткен ғасырдың 30-жылдары үркіп, қанды жолдарды 20 жылдай шылқылдатып басып, шалпылдатып кешіп өтіп, Анадолыға жетіп жығылған. Оқығаны аз, тоқығаны көп, тақуа. Әсіресе, түркі әлемін тінте сөйлейді. Қазақтың бар қасіретін орыстан көреді. Оның да қойын-қонышы толған Алтай.

*— Әй, Алтай, өттең Алтай, көркем Алтай,
Кір жуып, кіндік кескен өлкем Алтай.*

*Армансыз бұл дүниеден өтер едім,
Бір иіскеп топырағыңды өлсем, Алтай! —*

деп соға береді. Сырт жақтан Алтай, Арқа, Тұран, Түркістан туралы өлең естісем, мен енді Қобызшы Қорқытқа ғана телитін болып алғам.

— Бұл — Шаймерден деген ағамыздың көз жұмарда жоқтап кеткені. Қорқыт десең, оны да айтайын,— деп, “Абылай” дастанының әр тұсынан төгіп-төгіп жібереді. Бірақ қанша қиылып сұрасам да маған қимаған. Біздегі биліктің сол тұстағы үлкен мекемесінде істейтін зерделі, зиялы азамат — Сауытбек Абрахманов шежіре шалдың тілін тауып, 1992 жылы Қобызшы Қорқыт кітабінің көшірмесін алып келді.

“Асса, түрік танысын, қала берді, осындағы өз ағайындарымыз қазақты ұмытпасын деп, болымсыз бір баспа ашып... “Биук Түркелі” (“Үлкен Түрікелі”) деген журнал шығара бастадым. Түркия кітапханаларынан табылған Алаш ардагерлерін жариялаған соң ұрымтал ештеңе кезікпей жүргенде қолыма Қобызшы Қорқыт түсті,— депті кітаптың екінші басылымына алғы сөзінде Хасан Қалибекұлы Оралтай — Оқыдым, тебірендім, көзіме жас келді. Сосын 1971 жылы Мюнхенде (Германияда) қайта бастырып, тараттым. Біздің “Биук Түркелі” кітапхасының бірінші кітабы осы болды”.

Біз де оқыдық. Түсіндік, түйсіндік, күрсіндік. Қорқыт қобызының күніренісі, зұлматтан шыққан зар келді құлаққа. Тозған түрік бірлігін, ұлт тәуелсіздігін ерте аңсап, сол арманмен арпалысқан азаматтарды тәуелсіздікке қолымыз жеткен шақта жатсыну жараспас деп білдік. Бірақ кітаптағы екі алғы сөзде де (1943 және 1971 ж.ж.) Қобызшы Қорқыттың кім екені айтылмапты. Автордың дерегін іздедік. Бір тәуірі, сол жылы ақын Сырбай Мәуленов “Қазақ әдебиетіне” “Мәжит Айтбаев кім еді?” деген мақала жазды. Сыр ағана қолқа салып едім, “Сырқаттанып” жүрмін. Осыны пайдаланып,— деді.

Сыр ағаң айтады:

— ...Осыдан көп жыл бұрын белгілі ақын Жақан Сыздықов екеуіміз көшеде жолығып, алма-кезек өлең оқыдық. Көп адамды еске алдық.

— Менің шығарманың шыңы “Әли қарттың әңгімесі” еді ғой. Өкінішке орай енді ол жарық көрмейтін болды,— деді.

— Неге?

— Жазушылар одағы арқылы Орталық Комитеттің бір қызметкері тығыз шақырды. Бардым. Қабағын қарс жауып: “Сенің жазғаныңның бәрін жаулар пайдаланып жатыр”, — деп алдыма “Милли әдебиет” деген журналды тастай салды. Ішінде “Әли қарттың әңгімесі” жүр. Зәрем зәр түбіне кетті. Журналдан “Қобызшы Қорқыт”, “Адасқан күзғын” деген бүркеншік аттар көзіме түсті. Қобызшы Қорқыт — Мәжит Айтбаев екенін бірден білдім. Баяғыда ҚазПИ-де оқыған. Өлеңді жиі жазатын танымал ақын. Оның тұтқынға түскенін, Мюнхенде шығатын журналда істейтінін еміс-еміс естігем. Әлгі азамат: “Жағдайың оңып тұрған жоқ. Шет елде де байланысың болып шықты”, — деп түйіле қарады...

Айтпақшы, Жақан Сыздықовтың “Азаттық” радиосы екі дауыспен жазып таратқан “Әли қарттың әңгімесінің” иницинировкалық ұнтаспасы менде бар.

— Мәжиттің Қызылордадағы өмірін мен жақсы білемін,— дедім. Онда айт деген қабақ танытты.

1938—1939 оқу жылында Мәжит Қызылорда пединститутының студенттер даярлайтын бөлімін басқарды. Мені (Сырағанды — У.Қ.), Оразгүл Нұрмағамбетованы, Әсия Жаналиеваны, бізден кейін Роза Бағланованы сол бөлімге өзі қабылдады. Қазақ тілі мен әдебиеттен сабақ берді әрі Жазушылар одағының облыстағы өкілдігін атқарды. Орта бойлы, қара торы, қалың қасты, 25-тер шамасында еді...

Мақалада одан әрі бұрын астана болған қаладағы қызу өмір, техникумдар мен мектептер көп болғаны айтылады. Сауда техникумында атақты Абдолла Жұмағалиев сабақ беріп, № 6 мектептегі әдебиет үйірмесіне жетекшілік етіпті. Теміржол техникумындағы әдеби үйірмені өлеңді қазақ, орыс тілінде бірдей жазатын Асқар Нұртазин жүргізіпті. Педучилищедегі әдебиетшілерді сол институттың ұстазы ақын Мендияр Киікбаев тәрбиелепті.

— Абдолланы бар қазақ біледі. Мендияр кім?— деп сұрадым Сырағаннан.

— Өте зерделі, зиялы, әдебиетші, пединститутта біздің ұстазымыз болған,— деді.

Сол Мендияр Киикбаев туралы соңғы жылдары мерзімдік басылымдардан екі мақала оқыдым. Қарт қаламгер, ұлағатты ұстаз өмір бойы тепкіленіп, тергеліп, жан азабынан айыға алмай дүние салыпты. Бір ұл, бір қызы жындыханамен жазаланып көз жұмыпты. Үлкен қызы Нұрхан мен кіші ұлы Болат та көрмегенді көріп, өйтеуір, тірі қалыпты. Қазір Алматыда тұрады екен. Зобалаңның басталуын өжет қыз Розалияның Америкаға кетемін дегенінен көреді екен. Шешелері Мұстафа Шоқайдың қарындасы, әкелері Мәжит Айтбаевтың досы болса, тергелудің бір тегі осында жатпаса нетсін деген ой келеді.

Сырағаң айтатын:

— 37-нің ызғары Қызылорданы да шарпыды. “Жастық шағың бір күні көтерер де орамал, таудан аққан бұлақтай сылқ-сылқ күліп жоғалар” деген өлең жолдары үшін “Мағжанның шәкіртісің, Асан Қайғы, Қорқытты көксейсін” деген қудалауға шыдамай, Абдолла Жұмағалиев Алматыға бір-ақ тартты. Мәжит Айтбаевты өзі Жазушылар одағының өкілі болса да Одақтың ІІ съезіне сайлатпай тастады. Облыс жазушыларының тақырып жағдайындағы ауытқуының бәріне Мәжит кінәлі болып шықты. Соған қарамай, ол қаламды қарышты сілтеді. “Болат құюшының жыры”, “Қарлығаштың қанатындай”, “Қытай қызы” деген өлеңдері “Әдебиет майданы” журналында, газеттерде басылды. “Толқын жыры” поэмасын жазды. Лебедев-Кумачтың “Если завтра войнасын”, Светловтың “Каховка”, “Гренадасын”, Гетенің “Орман патшасын” аударды.

Бұрнағы жылы бұлбұл әнші, Халық қаһарманы Роза Тәжібайқызы Бағлановамен әңгімелестім. Бәрі есінде. Сырағаң айтқандарды түгел растады. Ақынның түр-тұлға, мінез-мәдениетін дәл сипаттады. Өзі де әнші еді. “Баянауылға” ырғалып, еріп айтып отыратын. “Сырымбетті” әннің төресі, “Айнамкөзді” дала ариясы, “Зәурешті” трагедия дегенді тұңғыш рет сол кісіден естідім деді.

— Өз тағдырыңызға тікелей әсері болды ма?

— Енді қалай? Оқытса, әннің ырғағын бұзбауға, сөзін анық айтуға үйретсе, ол әсер емес пе екен.

Әнші қабағын шытып: “әттеген-ай, сақтай алмадым ғой. Өз қолымен жазып берген ән мәтіндері болған еді”, — деп ойланды.

— Мені “бұлбұл қыз” дейтін еді. Ұстаздан гөрі әнші болғанымды күптайтын. Ақыры институтты үшінші курстан қалдырып, өнерге кеттім ғой.

— “Если завтра война” дей бергенімде Роза іліп ала жөнелді.

— Ойбай-ау, әлгі жоғалды деген мәтіннің бірі осы болатын. Оны алғаш рет қазақша, орысша мен айтқам! — Әнінің бір шумағын айтқанда, ырғаққа қарай даусы да, өні де құбылып-құбылып кетті.

Сыраған:

— 1939 жылы Мәжит армияға алынды. Мендияр Киікбаев екеуіміз шығарып салуға үйіне бардық. Үшеуіміз перзентханада босанып жатқан Мәжиттің зайыбына соқтық. Әйел бізге терезеден тырбандаған қызылшақа нәрестені көрсетті.

— Бұл да азамат болып, ат жалын тартып мінер ме екен, — деп, ақын біраз ойланып тұрды.

— Бір кезде: “Аттанған жері жігіттің, іші еді қалың шіліктің” деп өзіңіз айтқандай, бұл да қалың шіліктің арасынан армияға өзіңіз сияқты аттанар, — деп күлді Мендияр.

Кешке қарай қызыл эшелон Мәжитті Қызылорданың құшағынан алып, батысқа қарай жол тартты”, —

1998 жыл. 27 ақпан. М.Әуезов мұражайында М.Шоқаев қоры ұйымдастырған “Түркістан легионының шындығы” деген жиналыс болды. Қобызшы Қорқыт жайын мен баяндадым. Легион туралы Амантай Көкен айтты. Жиналысқа Мәжит Айтбаевтың немере інісі, белгілі суретші Салихитдин Айтбаевтың қарындасы қатысты. Ақын әулетінің мән-жайын білдік. Бабалары Шойынбайдан Айтбай, одан Мәжит пен Әбдісадық туыпты. Салихитдин, Күләйім — Әбдісадықтың балалары екен. Мәжиттен Пахридин (баяғы тарбандаған сәби) жалғыз. Мәжиттің әйелі Елена Лукич, венгр қызы, мұсылман болып, Мария деген ат алған. 1997 жылы қайтыс болыпты. Пахридин-Чапай деп аталып кеткен. Өмірі бір зауытта қарапайым жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққан. Бала-шағалары бар, Қызылорда қаласында тұрады. Мәжит “Бесік жыры” деген өлеңді осы ұлға арнап жазды десті.

Кітапта “Бесік жыры” (Пашаға) деген өлең бар. Пашасы — Пахридин дегенге келеді. Сыраған: “ақын сол кетке-

нінен қайтпады” деген-тін. Өлеңде: “Күлгенінді көрсем де, жүргенінді көрмедім”, — дейтін жолдар бар. 1943 жылы жазған “Орамал” деген жырында: “Сүртерсің сонда жасыңды, бердім саған орамал. Орамалым — мәңгіге сүйгендікке жорамал”, — деп, жарым берген орамал да көз жасыммен шіріді, — дейді.

*“Сенен қалған қолымда, үш айлық сәби ұлым бар.
Мен сүйермін ұлымды, сенің онда кімің бар?” —*

дегенін айтып егіледі. Бұған қарағанда Мәжит әскерге тарбандаған сәбиімен терезеден қоштасқан күні емес, ұлы үш айға толған — 1939 жылдың күзінде аттанған. Оны өзі қызмет атқарған әскери бөлімнің “Бөлімше командирі М. Айтбаевтың өзі және отбасы (20.10.1939—20.10.1994 ж.ж.) тиісті жеңілдіктерді пайдалана алады” деген анықтама да дәлелдейді (М. Айтбаев архивінен).

Мәжиттің әскерде жүріп жазған “Туладан аттандым”, “Қарағай”, “Винтовка” деген өлеңдерін де Сырағаң оқыпты. ““Винтовка” — мылтықтың бар тетігіне қазақша балама тапқан өлең. Соғыстан соң ақыннан көз жазып қалдық”, — дейді.

Қай жылы екен, Ғабеннің (Ғабит Мүсіреповтің) алдынан шағын ғана екі жыр жинағын көреді де кімдікі екенін сұрайды. “Тұтқындағы Мәжит Айтбаевтың кітабы. Сөзді ойната алатын ақын екен”, — дейді. Ол ақынды танитынын айтып, бір күнге бере тұруын өтінеді.

— Хатшы Имашевтан екі күнге өзім әрең сұрап алдым. Оған профессор Сайым Балмұханов әкеліп беріпті. Сен қолқалама, — дейді.

Хамза Абдуллин Мәжит үш кітап шығарды деуші еді. Екеуі жаңағы Ғабен оқыған “Абылай хан” мен “Толқын жыры” болар. Үшінші кітаптан дерек жоқ. Оны Хасен Оралтайдан да, 1995 жылы Абайдың 150 жылдық тойына келген Баймырза Хайттан да сұрадым. Білмеді. Болса, компьютердегі тізбелерден іздеп көрмек болды. Сұрапыл жылдардың бар архивін сақтаған сол адам.

* * *

Сауытбек әкелген кітап қолға тиген соң Сырбай Мәуленовтің сол мақаласын алғы сөз етіп, ішінде екі дастан,

бес баллада, үш ән, жеті аударма бар, Мәжиттің 54 өлеңін еларалық “Шалкар” газетіне түгел жарияладық. Өзі бар қазаққа дәнекер газетке тіл қатушылар тіпті көбейіп кетті. Хамзаға сөз берілді. “Атылып кеткен Абдуллин, қайдан шыға келдің? Тұтқындардың Сайранын (бүркеншік аты) Советтер де сайратып қойған ба? Шын Хамза болсаң, хат жазшы”, — депті Нью-Йоркте тұратын Зайда Әли деген ханым. Мәжиттің жатқа білетін екі өлеңін жіберіпті, өзі “Милли әдебиетте” машинистка болған.

“Мен тірімін” деп Хамза да үн қатты. Бірі ондағы, бірі мұндағы тағдырларды айтысты. Ел ішінен жазылған күмілжу хаттардың астарынан да тауқыметті тағдырлар аңғарылып тұрар еді.

1994 жылы Еуропаға тағы бардым. “Азаттық” радиосы қазақша хабарлар бөлімінің сол тұстағы бастығы Хасен Оралтайда аса бай архив бар екен. М.Шоқайдың “Жас Түркістанынан” бастап, легион басылымдарының бәрін көрдім.

—Бұл жабық жатқан тақырып. Сірә, жуырда ашыла қоймас. Қызығып жүрген ешкім жоқ. Бәрін көтеруге жалғыз менің әлім жетпейді, — деген өкініш айтты Хасен мырза. Сол басылымдардың, әрқайсысынан бірнеше санның көшірмесін алдым. Осылардан ғана Мәжиттің 22 өлеңі табылды. “Милли әдебиеттің” 1944 жылғы бір санының ауданы Мәжиттің 30 жасқа толғанына арналыпты. Түркі тектес ақын-әріптестерінің бірталайы өлең жазған. Тағдырлас, армандастар Мәжитті шыдамға шақырады, үмітінді үзбе, қобызынды Түркістан тойында аңыратасың, азаттық туын Алтайыңа өлеңмен көтересің дейді.

*“Теңіздей шайқалып толқын ұрады,
Қорқыттың көкірегінде ізгі жүрегі.
Ойменен Алтайда зор тахт құрады,
Ел демек, ерік демек жалғыз тілегі...”*

Өзбек ақыны М. Раушан тағдырлас досының жанын осылай сипаттаса, Атабек Абдуллаев (Хушнуд):

*“Ал көтер, іш шарапты саулық үшін!
Көп жаса, отыз емес жүзге дейін.
Тарт тағы қобызыңды, көрсет күшін,
Халқыңнан арылғанша қайғы мен мұң”, —*

деп, дем береді.

“Күз. Ызғар үдеп барады. Тон (көңіл) жыртық. Одан әрі қыс бар”, — деген Мәжиттің бір өлеңіндегі күйзелісті “жыртық та болса тоның бар” деп, жуып-шайып, ақын Бекзада:

*“Ызылдап боран, қар жауып,
Өтті ғой күздің жарымы.
Қорқытым, шыда бір күні
Тәңірдің түсер жарығы”, —*

деп, төзімге шақырады.

“Күреспен қиын кезеңнен өттік. Енді Ақ Еділдей өзеннен өтейік. Ар жағында Алатау, Алтай, Көкшетау түр”, — дейді Сайран (Хамза Абдуллин).

*“Жүр, кетейік Түркістанға, алысқа,
Ессіз қауым тиіп болды намысқа!” —*

деп, ақынның жанын жани түседі.

Осы мұнды мүшеліне өзі арнаған өлеңінде: “Бар өмірім от ішінде өтті. Отыз жылда ашылмаған қайнарым қашан ашылады”, — деп, шер-мұңын шығарып-шығарып алады да:

*“Тұрмыстың жеңілі мен ауырында
Ұл едім еркін өскен ауылымда.
Тілегім — енді еркіндік заманында
Жырайын алтын Алтай бауырында”, —*

деп, өзін өзі жұбатады. Көз алдына қан-жоса болған сұлделерін сүйретіп біріне бірі сүйеніп, бірін бірі сүйреп келе жатқан тұтқын солдаттардың сұмдық суреті дәл келеді.

* * *

“Шерменде ақын, шексіз мұң” деген айдар тағып, Мәжиттің әлгі өлеңдерін де, “Торға түскен тотылар” деген тақырыппен әріптестерінің арнауын да жарияладық.

“Тордағы тотылар” демекші, от кешіп жүріп өлең төккен жалғыз Мәжит емес екен. Қолдағы аз ғана сандардан бүркеншік атпен жыр жазған жиырма шақты есім кезікті. Сағым, Сабыр, Сыр баласы, Сайран, Бати, Бекзада, Зарлық, Айдын, Манас, Ғайып... Бірталайының дерегін білдік. Өлеңдері отты, “Ұлы адамның арманы” (Сырым батыр туралы) деген пьеса жазған Қ. Қазі — Қазі Қазбеков еліне келгесін де жаза тартқан қостанайлық азамат. М. Дара —

Мәжит Аяпбеков түңіле-түңіле Түркия шығып кетіпті. Асан қайғы — Мәулікеш Қайболдин Германияда қалып, 50—60-жылдары “Азаттық” радиосын құрысыпты. Дәулет Тағыберді, Жәкей Бапыш та сондай.

Сайран — кәдімгі Хамза Абдуллин. Соғыстың соңғы күндері атуға бұйырылған төрттің (Мұрсалиев, Қалдыбаев, Бейісов) бірі. Үкім орындар түні түрме күзетшілері қашып кеткен де, атылмай қалған. Сол Сайранның — Хамза Абдуллиннің де он екі өлеңі табылды. Соларды ақтау комиссиясының ең жоғарысына апарып, “осыдан жаудың бір сөзін тапсаң атып таста” деп жүріп, өмірінің ақырғы жылы ақталып барып көз жұмды.

Манас — Мінәсіп Нұғыманов. Зайсандық. Дарынды суретші, ақын, сазгер. Әуелі легионда, баспалар төңірегінде жүріп, кейін Франция партизандары тарапына өткен. Сонда бір әйгілі адамның қызына үйленген. Туған ауылына табаны тиген күні қайта ұсталып, Новокузнецкіде дүние салған. Онда алған орыс әйелінен де, соғысқа кетерден ай бұрын ғана үйленген қазақ әйелінен де ұрпақтар қалыпты. Франциядағы қызы (Моник-Светлана Лепр-Нұғыманова) 1994 жылы іздеп келіп, әкесінің бар тағдырын біліп қайтты.

— Абылай ханның суретін Мәжиттің сипаттауы бойынша Манас—Мінәсіп Нұғыманов салды. Шоқанның портретін алдарына қойып ақылдасып отыратындары есімде, — дейтін Хамза Абдуллин. 1994 жылы Мюнхенде Жәкей Бапыштан (1973—1978 жылдары “Азаттық” радиосының қазақша хабарлар бөлімін басқарған) сұрадым. “Манас жақсы суретші еді. Мәжиттің ондай өнерін білмеймін. Сірә, осы сөздің жаны бар шығар”, — деді. Дегенмен, Мәжиттің соғыстан бұрынғы өлеңдерінде сызық-сұлбалар (штрих) кезігеді (“Даладағы мола”). Мәжиттің немере інісі Салихитдин Айтбаев айтулы суретші еді ғой. Сонда сурет те бұлардың әулеттік өнері ме дейсің. Бірақ Абылай әуесқойдың емес, дәулескердің қолынан туған бірегей бейне!

Б. Ғайып-Бейісов Ғаипен. Легионға 1943 жылы қосылып, неміс қарулы күштері Жоғарғы басқармасында істеген. Әскери фототілші. “Жауынгердің күнделіктері” деген жазбаларын әуелі журналда жариялап, кейін кітапша етіп шығаруға М. Айтбаев көмектескен. Соғыстың соңғы

кезеңінде легионерлерге сенім кеткен. 1945 жылдың ақпанында Чехияға апарғандарды шетінен ұстап, ата бастаған. Хамза Абдуллин, Айылшы Мүсірәлиев, Ермек Қалыбаев төртеуін де ұстап, атуға бұйырған. Үкім орындар сәтте түрмешілердің өздері қашып кеткен де, бұлар Кеңес армиясына қосылып, жылға жуық қызмет атқарған. Елге оралғанда қайта ұсталған. Еркіндіктегі бар ғұмыры бір зауытта өткен. “Өмір от ішінде” деген кітап жазған.

— Бұйырса, бастырармын, әйтпесе, Абдуллин сияқты ақталуыма септігі тиер деп, 1997 жылы “Жауынгер күнделігінің” фотокөшірмесін сұрап әкетті. Өлең шіркін әр кездің тынысына қарай туа береді. Ал Мәжит бір ғана мақсатқа, ұлттың өшіп кеткен үмітін оятуға ғана қызмет еткен ақын,— дейді.

Айтбаевтың архивінде Хакім Тыныбековтың 1939 жылы жазған хаты жатыр. Алматыдан әр жаққа тарағандарына әлі жыл тола қоймаса да, ыстық сағыныштың лебі еседі. Өлең әлеміне бір кезде келген Қасым Аманжолов, Қалижан Бекхожин, Қапан Сатыбалдиндердің қалам тартыстарын, қадам алыстарын айтады. Сол Хакімнің де тағдыры тайғанақтап барып, Мәжитпен тұтқында тоқайласыпты, Түркістан Ұлттық комитетінде насихат жұмыстарын басқарып, легион басылымдарын ашысқан. Кейін ТҰК-нен “Орта Азия — Қазақстан” құрылымын бөліп алуға әрекет жасаған, соның тілі ретінде “Түрік бірлігі” газетін ашқан. Легионнан дербес “Алаш” отрядын құрған. Венадағы (Австрия) “Түркістан конгресінде” “Тіл бірлігі — ұлт бірлігі” деген баяндама жасаған. Тұтқында жүріп-ақ ұлтының тілін ұлықтаған, “Алаш” туын көтерген осы оқиғалар айналасынан Хакім мен Мәжиттің іздері бірге көрінеді.

Хакімді 1947 жылы Алматының әскери трибуналы атуға бұйырып, ол өмірлік түрмеге өзгертіліп, тірлігін итжеккенде аяқтаған. Мәжиттің тағдыры Дрезден қаласымен бірге бітті деседі. Ол 1945 жылдың 13—14-ақпаны. Сол түні ағылшынның төрт моторлы 773 ұшағы бір жарым сағатта 576 500 бомба төккен. Таңертең көшеде тәлтіректеген жандарды көзі шалған АҚШ-тың 516 ұшағы 2000 бомбаны тағы тастаған. Сөйтіп, 15 шаршы шақырым аумағы, 7600 пәтері, 50 шақты тарихи ескерткіші бар, ең бейбіт, ең әдемі қаланы тып-типыл еткен (Қ. Исабаев. “Қала өлді”. “Қазақ әдебиеті”,

20.05.2005 ж.) Хиросиманың алдындағы осы жан түршігер жарылыс Мәжиттің де жас жанын қиып түскен.

* * *

Татар Мұса Жалилдың “Моавит дәптері” сияқты “Абылай” да тордағы тотының үні, төккен зары, шеккен азабы. Бір жылда бір кітап өлең жазған ақынның күңіренбеген күні де, түні де жоқ екен. “Милли әдебиет” альма-нағының бір жылдығына арнаған үлкен мақаласында ТҰК вице-президенті Сәттар Алманбетов (Бет Алман) “Қорқыттың көп өлеңі әлі көрінген жоқ. Мәселен — “Солға-солға!”. Күрескерді ширақ қимылға, сергек ақылға жетелейді. Осыны “Асқақ ұран — футуризм” деп жинағына қоспады. Таң нұрына табынған, сұлулыққа сұқтанған табиғат лирикалары бар”, — дейді. Қорқыттың тұтқындағы жырларын түгендеу үшін легион басылымдарының 1945 жылға дейінгі санын түгел сүзіп шығу керек. Оған мүмкіндігіміз болған жоқ. Абайдың өлең тәсілін, Махамбет, Мағжан мәнерлерін талдаған, жас әдебиетшілерге ақыл айтқан мақалаларын жинаққа қоспадық.

Тегінде, екінші жаһан соғысының жаңғырығын тарихтан, әдебиеттен өшіре алмасақ, нағыз тозақ ішінде туған шерлі шежірелерді де мансұқ етпесек керек. Ол бір Қорқыт емес, керзаманның керттолғауларын түгел көтерсе ғана ұлт қазынасына қосылатын қомақты мұра. Тек әлі иесіз жатыр. Мұстафа Шоқаевты, сонымен қоса ТҰК мен тұтқындар тағдырын зерттеп жүрген Бақыт Садықова мен Амантай Кәкеновтың үндері де баяғы су жүрек саналарға әлі жете қойған жоқ. Мәжит мәселесінде майырылып қалған сәттерде осы азаматтардың жазбалары мені жебеп отырды...

* * *

Мәжит Айтбаевтың соғыстан ілгергі мұраларымен таяуда ғана таныстым. Ақынның өз қолымен жазған өмірбаянында айтқанындай: “Әкеден екі-ақ жаста қалған інісін” аялап, қамқор болған ағасы Әбдісадық Айтбаев бауырының бар жазбаларын ешқайда таратпай, ешкімге талатпай түгел сақтапты. Ол көз жұмғанда суретші ұлы Салахаддинге өтіпті, одан қызы Күләйім Айтбаеваның қолында қалыпты.

Өлеңдер үш жинаққа іріктелген. Бірінші, “Толқын жыры” — бес поэма, он екі баллада, отыз жеті өлең, жеті мысал, он шақты аударма. Екінші, “Алтай тұтқыны” — үш поэма, он тоғыз баллада-романс, жиырма үш өлең, аудармалар, этюдтар. Үшінші, “Қолқанаттар” атты екі бөлімді, балаларға арнаған жинақ. Дені латынша, біразы араб әліпбиімен жазылған. Бумаларды бұрын зерттеген ешкім болмаған. Архив тым тозыңқы. Жоғалған, жыртылған, бүлінген беттер, басы-аяғы жоқ газет қиындылары көр.

— Әкем кезінде өлеңге Мәжит ағамен қатарлас келген қабырғалы ақындармен ақылдасқан, — дейді Күләйім. — Олар ат-тондарын ала қашқан немесе өздеріне беруін, соңынан сөз қозғамауын сұраған. Содан “күн туғанша” ешкімге бермеңдер деп бізге тапсырған. Ал біз арабшаны да, латыншаны да білмедік.

Бұл енді ұрпақтың ісі...

* * *

*“Достарым, мен сіздер үшін көтердім
Бұл арақты көз жасындай көрінген.
Мас болармын, бұл өмірден өтермін,
Бірақ жырым өлмес, өшпес көңілден...”*

Ақынның айтқаны келді. Өлеңі өлген жоқ. Елінде ол аңсаған тәуелсіздік орнықты. Ұлттық ен-таңбаларымызды түгендеп алдық. Тарихымыздағы қара дақтарды тазартып келе жатырмыз. Тек осы тұтқындар мәселесін тасадан шығара алмай жүргеніміз ұлтымызға тым жарасып тұрған жоқ. Ұрандап жүріп, рухын өзіміз оятып алған Мұстафа Шоқайдың идеясы “Үлкен Түркістанның” күйреуін (С. Шәкібай) білсе де, бүгінгі буын оның күңіренісін біле бермейді. Соз етіп отырған соғыс тұтқындары сол арман үшін арпалысқан. Мәліметтерге бақсақ, 1942—1945 жылдары түркі тектес төрт жүз мыңдай тұтқын “Түркістан легионына” топтасып, жан сақтапты. Франциядағы “Алаш отрядында” отыз мыңдай қазақ болды деседі. Солардың бәрі қаруларын лақтырып тастап, жауға қашып кірді деп кім айтады? Отқа да Отан үшін түсті. Қайтқандары тамұқта екінші рет күйді. Қайта алмағандар өмір бойы өксіп өлді. Олардан қалған тұяқтар тектерін таба алмай тентіреп жүр. Өркениетті ел сыртығы

ұлдардың ұрпақтарын қойып, жатқа тиген қыздардан туған жиендерге дейін жіпке тізіп отырады. Ал біздің бейбақтар жандарының жараларын үш ұрпаққа дейін жаза алмай, ақталуға септігі тиетін себептерді баяғыда жазған өлеңдерінен әлі іздеп жүр.

Тарихтағы соғыс жалғыз бұл емес, әлемде әлек-шөлектің талайы болған. Сол атам заманның өзінде соғыс тұтқындарына адамгершілікпен қараған. Әуелі Гаага (1899—1907 ж.ж.), одан соң Женева (1929 ж.) конференциясында қабылданған халықаралық қарар да бар. Біз, сірә, Сталиннің “Бізде тұтқын жоқ, сатқын бар” деген қатыгез сөзінен әліге дейін қаймығатын сияқтымыз. Егер тұтқынның бәрі халық жауы саналатын болса, сол немістің өзінде тұтқын болған де Голльді француздар, Черчилльді ағылшындар, орыс тұтқыны Титоны югославтар неге атып тастамаған. Айтар болсақ, Абылайдың өзі Қалден-Цереннің қақпанынан шығып келген соң хан болып еді ғой?!

Зарзаманның бұл зобалаңын зерделейтін, ХХ ғасырдың жазықсыз жапагерлерін саяси ақтайтын мезгіл жетті.

Эпилог:

*Көп күннен күйік тартып, болған арман,
Бітірдім дастанымды көңілге алған.
Достарым, оқындар да еске алыңдар
Құрбыңды қасірет шегіп, күйіп-жанған.*

*Жад етсе, егерде кім Абылайды,
Ел үшін алтын таң мен жарық айды,
Сарыарқа алыбының аруағы
Қалайша жеткіншегін танымайды!!!*

Уахап ҚЫДЫРХАНҰЛЫ,
жазушы, Республикаға еңбек сіңірген қайраткер

ՉԱՏԱԿԾԱՐ,
ԵԱԼԼԱԾԱԼԱՐ,
ՅԼԵԿԾԵՐ,
ԱԿԾԱՐՄԱԼԱՐ

